



№77
(2248)
Сәрсенбі
11 қыркүйек
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

МҰҚРАЖ- ҚАЗАЛЫ

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ МЕЙРАМБЕК ШЕРМАҒАНБЕТ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Облыс әкімдігінің Өңірлік коммуникациялар қызметінде Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Брифингте аудан басшысы 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазалы ауданында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталып, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

«РУХАНИЯТ» ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНУДА

Биыл облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен 2024 жыл Сыр өңірінде «Руханият» жылы болып жарияланды. Жыл аясында барлық аудандарда «Руханият» орталықтарының құрылысы басталған болатын. Жуық арада аудандағы құны 1,7 миллиард теңге болатын аталмыш нысанның іргетасы қаланбақ. Бүгінгі күнге құрылыс-монтаж жұмыстары басталып, орталықтың іргетасын құю жұмыстары жүргізілуде.

Аталмыш нысанның құрылыс жұмыстары толық аяқталғаннан кейін мұнда музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдары біріктіріліп, типтік үлгідегі жаңа нысан аудан халқының игілігіне пайдалануға берілмек.

Айта кетейік, «Руханият орталығының» құрылыс жұмыстарын «АСАР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізуде.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

«Тазалық бар жерде тәртіп те бар, береке де бар», осы бір ұғымды жандарына серік еткен қазалылықтар көктем айы басталысымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында біршама жұмыстар атқарды. Әрине оның ішінде абаттандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, әсіресе аудан орталығы - Әйтеке би кентінде біршама жұмыстар қолға алынды.

Бүгінгі таңда Әйтеке би кентіндегі ауданның бас қақпасы саналатын теміржол вокзалы аумағын, вокзал жанында орналасқан Әйтеке би алаңын, Жанқожа батыр көшесінің бойынан «Руханият» скверін (аудан әкімдігі ғимараты мен Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицей және 600 орындық Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы ғимаратының алды) абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Ал, Әйтеке би кентіндегі «Орталық алаң» мен «Жеңіс» саябағын Қазалы мәдени-демалыс кешеніне айналдырып, мұнда да ауқымды жұмыстар қолға алынбақ.

ЖАСТАР КЕРУЕНІ ЖОБАСЫНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Қазір аудан халқының 29,7 пайызы – жастар. Бүгінгі күнге дейін ерікті жастардың қатысуымен 271-ден аса іс-шаралар өткізілді. Ал оған 8500-ден астам жастар қатысты. Соның ішінде жыл сайын дәстүрге айналған «Жаңа дәуір – Жаңа Қазақстан» тақырыбында жастар фестивалі бар. Жеңімпаздар Қорқыт ата

атындағы Қызылорда университетінің оқу гранты және оқу ақысына 50, 25% жеңілдікпен оқитын сертификатын иеленді.

Сондай-ақ, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және олардың ұсыныстарына құлақ түру мақсатында «Жастар керуені» жобасы тұрақты өтуде. Жоба аясында ауылдық елді мекендерде түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізіліп, мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

«КӘУКЕЙ» АУЛЫНДА АУЫЛДЫҚ КЛУБ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Жыл басынан бері ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы 1063 іс-шара өткізілді.

Жуық арада «Кәукей» аулында құрылыс жұмыстары толық аяқталған 100 орындық клуб пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда «Майдакөл» ауылында 100 орындық клуб құрылысы басталды.

1493 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

Әлеуметтік саланың дамуын жеделдету – біздің алдымызда тұрған ең негізгі міндет. 2024 жылдың 7 айында жұмыссыздық деңгейі 5 пайызға тұрақтады. Экономиканың түрлі саласында есепті кезеңде 1493 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның 222-сі тұрақты. Жұмыс іздеуші ретінде 7 476 адам хабарласып, 1638 адам жұмысқа орналасты.

ҮШ СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Спорт – денсаулық кепілі десек, ауданда бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысатындар саны – 39 пайызға жетті. Спорт түрлері бойынша жерлестеріміз Азия чемпионатында 1 қола медаль жеңіп алып, Халықаралық турнирлерде 2 күміс, 2 қола медальды қоржынға салды.

Сонымен қатар, спортшыларымыз ҚР-ның чемпионаттарына, халықаралық, республикалық, облыстық жарыстарға қатысып, 18 алтын, 19 күміс, 32 қола медальға қол жеткізді. Париж қаласында өткен жазғы XXXIII (33-інші) Олимпиада ойындарында қазалылық Жұбаназар Абылайхан дзюдо күресінен бақ сынады.

Биыл, Әйтеке би кентінде жеке кәсіпкер Шынар Өтегенованың 200 орындық «Әмір Арена» спорт кешені пайдалануға беріледі. Оған қоса, Әйтеке би кенті мен Бекарыстан би, Қожабақы ауылдарынан спорт кешендерінің құрылыстары жүргізілуде.

Алдағы уақытта Жалаңтөс батыр, Ғани Мұратбаев ауылдарынан да спорт кешендерін салу жоспарланып отыр.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазалы ауданының білім беру саласында 91 білім беру ұйымдары жұмыс істейді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулында 300 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Қазіргі таңда мектеп ғимаратының кірпіш қалау жұмыстары аяқталып, төбе жабындысын жабу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ішкі сыртқы әрлеу, кафель жабыстыру, мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары атқарылуда. Білім ордасының құрылысы биыл аяқталады деп жоспарлануда. Мердігер - «Асар» ЖШС.

Мұнан бөлек биыл ұлттық жоба аясында Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында 600 орындық мектеп құрылысы басталмақ.

ЖЫЛ БАСЫНАН ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ 9,0 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

Жыл басынан Қазалы ауданында негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 9,0 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 112,6 пайыз болды.

Тартылған инвестиция көлемінде жеке қаржылардың үлесі артып келеді. Есепті кезеңде жеке қаражат есебінен 5,2 млрд. теңге қаражат тартылып, жалпы тартылған инвестиция көлеміндегі үлесі 57,8 пайызды құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі 16,0 пайызға артып, 4,0 млрд. теңге болып отыр.

Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 22993 шаршы метрді құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,5 пайызға артық орындалды.

АУДАН БОЙЫНША 5797 КӘСІПКЕР ТІРКЕЛГЕН

Қазалы ауданында кәсіпкерлер саны жыл сайын артып келеді. Бүгінде 5 797 шағын және орта кәсіпкер тіркелген. Ал, жыл басынан бері ауданда жаңадан 17 кәсіпкерлік нысан бой көтеріп, 56 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Бұл туралы облыстың бас ақпарат алаңында Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет мәлімдеді.

– Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ауданда мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржы ұйымдары тарапынан 166 жоба бойынша кәсіпкерлерге 3,0 млрд теңге несие, грант қаражаты берілді. Бөлшек сауда айналымы 7,1 млрд теңге болып, 4,1 пайызға көбейді. Сонымен қатар, биыл аудан бойынша 17 029 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Сырдария өзеніндегі су тапшылығына байланысты былтыр аудан көлеміндегі егістікті сумен қамтамасыз етуде қиыншылықтар болғаны рас. Осыған сәйкес, биыл күріш егісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 250 гектарға азайтылды. Оның орнына әртараптандыру бағытында суды аз қажет ететін басқа дақылдардың көлемі артты.

Атап айтқанда, жаздық бидай 81 гектар, жаңа жоңышқа 126 гектар, ескі жоңышқа 122 гектарға артық орналасты. Сондай-ақ, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында картоп, көкөніс, бақша дақылдарын қосымша егу үшін барлығы 281 адам бірігіп, 146 гектар жерге дақылдар орналастырылды, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ — ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекеттік тіл елдіктің алтын тұтқасы. Халық тілімен бар асылды ұрпағына жеткізеді. Қай уақытта болмасын тіл елдің қазынасы болған әрі бола да бермек. Тілінің қадіріне жете білмеген халқының қамын қамдай қоймас. Мемлекеттік тіліміз ғажап, естіген жанды елітер, бойды баурап алар сыйқыры, әсемдігі тағы бар. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретінде мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған-оның ғажайып тілі — осынау ғажап тілдің еліміздің тұғарына нық орнығуына бір кісідей жұмыла атсалысу — баршамыздың азаматтық борышымыз әрі абыройлы міндетіміз. Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры. Қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан дүниенді жадыратып, құлақ құрышын қандырып, ұғымыңа қонымды, жүрегіңе тиімді...»

Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі тіл — халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті,

ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін — ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз — қазақ тілі.

Тіл халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі — ұлттың мәселесі. Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте қажырлы жұмыс атқарылуда. Барлық кіріс, шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде соңғы кезде, сот жүйесінде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның баптарының жүзеге асырылуының б а ғ д а р л а м а л а р ы н ы ң жасақталғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Кеңестік кезеңде қоғамдық өмірден мүлде алыстатылып, шетке ысырылып тасталған қазақ тілінің қазіргі жағдайы көңіл қуантарлықтай. Тілге байланысты ренішті пікір айтушылардың әлі де кездесетініне қарамастан, қазақ ұлты мен өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілінде

сөйлеушілер қатары бұрынғы кездегіден де анағұрлым көп.

Мемлекет саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босаңсытпауы тиіс. Ең бастысы, тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау көрсетіліп, оны өмірде қолдану мен қорғау басшыдан бастау алуы керек. Ал, егер өзіміз бен мемлекет басындағылар керек етпесе, мемлекеттік тіл кімге керек? Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы — әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол — атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

«Тіл туралы» заңдағы «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» — деген.

Әрине ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты — оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Сонымен бірге, ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Конституциямыздың жетінші бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі деп

анық жазған, Ата Заңымыздан туындаған «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңында да осы жағдай берік қамтылған. Біздің азаматтық парызымыз — тіл заңындағы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру.

«Тіл — біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры — ел тағдыры» деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс.

Тіл — таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

Қазақ тілі — өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы.

Сондықтан мемлекеттік тілді ұлттық идея етіп, сол тілді қолданып, сол тілде сөйлеп, елімізге адал қызмет етейік, ана тілімізді құрметтеп, аяқ астына таптамайық, ағайын! Бұл біздің болашағымыз!

Абылайхан АРҒЫНҰЛЫ,
Қазалы аудандық
сотының бас маманы

ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІКТІ ЖЕКЕ МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментімен (бұдан әрі — Департамент) орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдардың қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау жөніндегі мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеуді сақтауына талдау жасалды.

Талдау нәтижесімен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдармен қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсаттарда пайдаланудың 7 фактісі анықталды. Мәселен, 2024 жылдың сәуір айының 04 күні сағат 23:30 шамасында орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне бекітілген қызметтік автокөлік жұмыстан тыс уақытта басқарылған.

Аталған факті бойынша 2024 жылдың 12 сәуірінде «Facebook» әлеуметтік желісінде қызметтік көлікпен түнгі уақытта қылмыс жасалғандығы туралы посты жарияланып, қоғамдық резонанс тудырған.

Яғни, орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің жүргізушісі жұмыс уақытынан кейін күнделікті автокөлікті гаражға қою тәртібін сақтамай, көлікті өз ауласына қойып, кейіннен түнгі уақытта қылмыс жасаған, танысын қызметтік көлікпен жеткізіп салған.

Орын алған жағдай бойынша орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі назарына ұсынылып, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі талаптарын бұзғаны үшін жүргізуші жұмыстан босатылған.

Екінші факті, 2024 жылдың 19 мамырында жұмыстан тыс уақытта сағат 03:50 шамасында көлік құралын басқару құқығы жоқ бола тұра, қызметтік көлікті лауазым-

ды тұлға басқарған.

Аталған факті бойынша лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған, сондай-ақ, атқаратын лауазымынан босатылған.

Ал, қалған 5 факті бойынша қызметтік автокөліктер жұмыстан тыс уақытта басқарылып, көлік құралы қозғалысының белгіленген жылдамдығынан арттыру фактісі бойынша әкімшілік істер қозғалған және әкімшілік айыппұлдар салынған.

Талдау нәтижесі қызметтік көліктерге жауапты болып бекітілген мемлекеттік мекеменің бірінші басшылары тарапынан мемлекеттік мүлікті тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға және құжаттардың толық рәсімделуіне тиісті бақылау болмағанын көрсетеді.

Бұдан басқа, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдардың қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау жөніндегі мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеуді сақтауына талдау қорытындысы Әдеп жөніндегі Кеңесте қаралып, мемлекеттік органдардың басшыларына тиісті ұсыныстар енгізілді.

Қорыта келе, алдағы уақытта осы тұрғыдағы іс-шаралар жалғасын таба беретіндігін және қызметтік көліктердің жеке мақсатта пайдалануына жол бермеу қатаң бақылауға алынғандығын атап өткім келеді.

Әлия ХОЖБАНОВА,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
мемлекеттік қызмет саласындағы
басқылау
басқармасының
бас маманы

БЕЛСЕНДІ ТІЛШІМІЗ— 80 ЖАСТА!



Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің белсенді тілшісі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ардагер — ұстаз Жеткербай Махамбетов 80 жасқа толды. Осыған орай, «Тұран-Қазалы» газеті редакциясының ұжымы штаттан тыс тілші Жеткербай Махамбетов ақсақалды баспа үйіне шақырып, 80 жасқа толған мерейлі күнімен құттықтады.

Газет редакторы Раушанбек Сейтенов ардагер ақсақалдың газетісіне қатысудағы белсенді қызметтері жайлы әңгімелеп, 80 жасқа толуымен құттықтады. Алдағы ғұмырының ұзақ болуына тілектестігін білдіріп, үстіне шапан кигізіп құрметтеп, сый-сияпат көрсетті.

Өз кезегінде Жеткербай Махамбетов ағамыз өзіне көрсеткен құрметі үшін «Тұран-Қазалы» газеті редакциясы ұжымына ризашылығын білдіріп, газет қызметкерлерінің шығармашылық жетістіктерге жете беруін тілеп, ақ батасын берді.

• Тағзым

ӘРІПТЕС ІНІ ДОС НӘСИФУЛЛА АЯҒАНОВ

Иә, іні дос Нәсифулла Аяғанов тірі болғанда бүгінде 70 жасқа толып, ақсақал атанып, балаларының, немерелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешіп, қатарластарымен шүйіркелесе әңгімелесіп, ортасын думанды сөздермен қыздырып отырар еді деп көзге елестеткендей боламын.

Іні әріптесіммен алғашқы кездескен сәтім әлі есімде. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының орта шенінде аудандық «Ленин Туы» газетінің редакциясында қызмет атқарып жүргенмін. Аудандық клубта жиналыс өткізіліп, содан қайтып келгенімде баспа үйінің коридорында өзім қатарлы орта бойлы, ақсары өңді, көккөз жігітпен қарсы ұшырастым. Амандастық. Ол өзінің есімін атап, осында жұмысқа қабылданғанын айтты. Ақжарқын мінезді жігітпен шүйіркелесіп әңгімелесіп кеттік. Алғаш біз осылай таныстық. Ол кім-кімменде етене араласып, адам жатырқамайды екен. Және өзі әзілқой. Өзгелермен жұғысты.

Р е д а к ц и я қызметкерлерінің барлығы сақа журналистер. Біз солардың өнегесін үйреніп, мамандығымызға бейімделдік. Бірте-бірте шығармашылық сырына қаныға түстік. Бас редакторымыз елімізге белгілі ақын, парасат иесі Сейіл Боранбаев аға мен, Киікбай, Жұмабай, Молдабай, Өбен, Кемалбек, Жаңабай ағаларымыздың бізге үйретері аз болған жоқ.

Нәсифулла екеуміздің жасымыз қатар болған соң бірден тіл табысып, бос уақыттарымызда бірге жүрдік. Сырластық, ақылдастық. Ш ы ғ а р м а ш ы л ы ғ ы м ы з жайлы пікірлестік. Қызметімізді барынша ағаларымыздың көңілінен шығатындай етіп атқаруға тырыстық. Нәсифулланың бір ерекшелігі ағаларының көңілін табуда елгезек, икемді. Осы мінезінің пайдасы ол ағаларымен жақсы табысты, сыйласты. Олардың көңіл ауанын аңдауға да шеберді. Қолы ашықтығы және бар, бос уақыттарда ағаларының көңілдерін нәрлендіріп жіберетін. Одан бізде бас тартпаймыз.

Фототілші болып қызмет атқаратын Кемалбек Сағымбаев ағамыз жоғары оқу орнында оқуына байланысты газет редакциясында басқа қызметке ауысты. Оның орнын атқаруды Сейіл аға Нәсифуллаға жүктеді. Нәсифулла сурет шығару ісіне онша құлқы бола қойған жоқ. Амалсыз істеп жүргендей көрінетін. Оның орайын Нәсифулланың өзі тапты. Карл Маркс атындағы

совхозда аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының филиалында фотограф болып істеп жүрген Қасқырбек Мәмбетжановты үгіттеп, жұмыс істеуге көндіріп, басшымыздың алдына апарып, Қасқырбекті фототілші етіп жұмысқа қабылдатты. Өзі қайтадан әдеби қызметкер жұмысына ауысты.

Редакцияда да өзгерістер болды. Журналистер қатарында басқа жұмысқа ауысқандардың орнына Жүргенбай Өмірбаев, Бақытжан Жалғасбаев, Едіге Кішкенеев есімді шығармашылық өкілдері келді.

1982 жылы алғашқы редакторымыз Сейіл Боранбаев ағамыз облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылап, аудандық газет редакторының орынтағына журналист Тиышбай Шерекенов ағамыз отырды. Бұл кезде газет редакциясына Балтабай Тәжімбетов, Замеддин Нұраддинов, Жетіскен Мәкенәлиев қызметке алынды.

Қ а з а қ с т а н Республикасының Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішев ағамыз редакторлық қызметке келгенде ұжым жас шығармашылық өкілдері; Тарғын Қаниев, Сахи Қапаров, Құттыбай Баймаханов, Жұмабек Табынбаевтармен толықты. Жазушы ағамыз газет мазмұнын байыту, мақалалардың сапасын жақсарту жөнінде қатаң талап қойды. Нақты айтқанда газет редакциясындағы журналистердің қаламын ширатты, өздерін ширқтырды. Осылайша газет тиражын 12 мың данаға дейін өсірді. Осынау табысқа ұшқыр қалам иесі, талантты журналист, ағеден азамат Нәсифулла Аяғановтың да салмақты үлес қосқанын атап өткеніміз жөн.

Қарымды журналист Нәсифулла Аяғанов кейінгі жылдары аудандық радионауақтарын тарату редакциясын басқарып, басқа да қызметтерді атқарды. Абыройлы азамат отбасы жағдайына байланысты Алматы облысының Есік қаласына қоныс аударды. Журналистік қызметіне қайта оралып, Есік қаласындағы «Еңбекші қазақ» аудандық газетінде қызмет атқарды. Ал, Республикалық «Денсаулық» журналында жауапты хатшы қызметін атқарған жылдары шығармашылықпен дендеп айналысты деуге негіз бар. «Денсаулық» журналында экологиялық мәселелерді тереңнен қозғаған серия-

лы материалдар жариялап, көпшілік назарына ілікті. Және де сол материалдары үшін Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты атанды. Бұрын қатарымызда қызмет атқарған журналистің атаулы наградаға ие болуы әріптестері біздерді де қуанышқа бөледі. Сол кездері «Жарайсың, қаламдас дос, шығармашылық жетістігің құтты болсын», - деп телефон арқылы риясыз қуанышымызды білдіргенбіз.

Қаламдас дос соңғы жылдары «Қазақ темір жолы» ғылыми-көпшілік журналын шығарып, өзі бас редактор болып қызмет атқарғанды. Алайда қаржы тапшылығына байланысты журналын шығаруды тоқтатуға мәжбүр болды. Алайда, тынымсыз азамат қиындық деп мұқалып қалған жоқ, баспа ісін жалғастырып, кітап шығарумен айналыса бастады. «Асан азаматтары» атты шағын кітапшаны шығарып, жерлестеріне таратты. Ұзақ жыл іздене еңбек етіп, «Қазалы перзенттері» атты тарихи-танымдық кітаптың алғашқы томында шығарып үлгіргенді. «Дулат» баспа кешенінен басылып шыққан кітапта Қазалы өңірінде дүниеге келген дана бабаларымыз бен еңбегімен ел құрметіне бөленген азаматтар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, сала қызметкерлері жайлы мол деректерді молынан ұшыратасыз.

Өкініштісі, әріптес досымыз Нәсифулла Аяғанов «Қазалы перзенттері» кітабын шығарып, туған жерге әкеліп таратып жүргенінде кенеттен қайтыс болды. Қандай қасірет. Алланың ісіне не шара?! Ауылдастары отбасының, ағайындарының қайғысына ортақтасып, туған жерін қалтқысыз сүйген азаматын жер қойнына тапсырды. Әкесі Аяған ағамыздың жанынан топырақ бұйырды.

Көңілге медет тұтарымыз артында қалған Жалғасы әке ошағының шырағын мазда-тып отыр. Оғанда шүкіршілік. Зайыбы Зада Нәсифулланы әрдайым еске алып, балаларымен немерелерінің амандығын тілеп, бүгінгі тіршілігіне шүкіршіліктен басқа айтары жоқ.

Шүкіршілік демекші, жақында Нәсифулланың немересі (қызының баласы) тағдыр табыстырып, қазалылық өз құрбысына тұрмысқа шықты. Той қуанышына бізде ортақтастық. Нәсифулланың арты қуанышпен жалғасып жатқанына қуандық.

Нәсифулла жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын. Жәннаттың төрінен орын ал. Ұрпақтарыңды рухыңмен желеп-жебеп жүре бер.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»

• Маманның кеңесі

ҚАУЫН ШЫБЫНЫНА ҚАРСЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ШАРАЛАР

Ғылыми зерттеулердің көрсетуінше жер бетінде бес мыңнан астам шыбын түрі кездеседі. Бұлардың ішінде 2 түрі бақша дақылдарының жемістері үшін ерекше қауіпті болып есептеледі. Орта Азиялық немесе Белуджип қауын шыбыны соңғы 10-12 жылда Қазақстан Республикасының егістіктерінде, оның ішінде 2004 жылдан бастап Қызылорда облысындағы егістіктерде кездесті. Бұл карантиндік нысан болғандықтан өнімді сыртқа шығаруға тиым салынған. Шыбын дернәсілдерімен зақымдалу бақша дақылдарынан өнім алуға үлкен зиян әкеліп, өнімді 50-100 пайызға дейін төмендетеді.

Қауын шыбыны құрт фазасында зиян келтіретін қауіпті зиянкес болып есептеледі. Зерттеулер нәтижесінде көктемде ержеткен шыбындар пайда болып, қауын дақылдың жапырақтарының, сабақтарының бос қабаттарын тесіп, онан бөлініп шыққан шіретші сұйықтарымен қоректенетіні белгілі болып отыр.

Зиянкестің өмір сүру биологиясы оның басқа түрлерден өзгешелігі қауын түйнектерінің (диаметрі 3-5 см. болғанда) қабығын тесіп, ішіне жұмыртқа салады. Жұмыртқа 3-7 күнде дамиды. Тесілген орында қызыл қоңыр шырындылар пайда болып, ол жай көзге көрінеді. Жұмыртқадан шыққан құрт, әрекет етіп, азықтанып жол іздеп түйнектің тұқым орналасқан ортасына қарай жылжып отырады. Зақымдалған орындар қатты тесік болып, қаралтым реңге өзгеріп шіриді. Толық азықтанған құрт сыртқа 8-10 күнде қабықты тесіп шығып, жаз айларында 3-5 см. жерге барып топырақ беті тереңдігіне түсіп, қуыршаққа айналады. 12-15 күнде қуыршақтан шыққан ержеткен шыбындары 1-2 күнде шағылысып, 2-3 күнде жұмыртқа сала бастайды. Қауынның жас түйнектері бола қоймаса, қияр, қарбыздың жас түйнектеріне салуы мүмкін. Қауын шыбынының 1-ұрпағы 27-30 күнде дамиды деп болжанып отыр. Зиянкеске қарсы 1-2 рет химиялық өңдеу шаралары Республикалық бюджет есебінен жүргізіледі.

Қауын шыбыны топырақта 10-15 см тереңдікте қыстайды. Карантиндік зиянкес қауын шыбынымен залалданған бақшалық жерлерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар алдағы жылдары бұл зиянкестерді таратпау үшін агротехникалық шараларда қолданылу қажет. Ол үшін:

- залалданған түйнектерді 1-1,5 м тереңдікке көму;
- бақшалықты тегістеп сүдігер жырту;
- ол жерлерді 7-10 күн суға бастыру керек.

Аталған агротехникалық шаралар қауын шыбынының қыстап қалған жұмыртқалары механикалық зақымдалуға, құстарға жем болуына және қыстағы суыққа үсуіне себеп болады.

Жоғарыда көрсетілген шаралар ерте күз айларында жүргізілсе қауын шыбынының таралуының азаюына септігін тигізеді.

М.ҚАРАСАЙ,
ҚР АШМ АӨК МИК
Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторы

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ

Ауданымыздағы жалпы білім беретін мектептердің жаңа оқу жылына сапалы дайындығын ұйымдастыру, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасында инфекциялық және соматикалық ауруларды болдырмау, алдын-алу үшін мектептердің дайындығы мен техникалық жағдайына мониторинг жүргізілді.

Биылғы жылы аудан бойынша жалпы білім беретін мектептер саны – 38, оның ішінде қаладағы мектептер саны-3, елді-мекендерде-35. 2024-2025 жаңа оқу жылында аудан бойынша 16961 бала білім алады. Мектептердің парта саны-9176. Аудан көлемінде 6 мектеп оқушылары 1 ауысымда, 32 мектептің оқушылары -2 ауысымда оқиды, 3 ауысымда оқитын мектеп жоқ.

Бүгінгі таңда аудан мектептерінде су жүйесі, канализация, жарық, жылу жүйелері, санитариялық-техникалық аспаптар, жихаздар, ішкі-аулалық дәретхананы, үй-жайларды жөндеп күтіп ұстауға қойылатын талаптар бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

Мектептердің бүгінгі жай күйі жан жақты қаралып, аудан әкіміне тиісті ұсынымдар жолданды.

Білім беру ұйымдарын жаңа оқу жылына дайындау бұл мұқият жоспарлау мен үйлестіруді көздейтін кешенді процесс. Оқу бағдарламаларын жаңарту, құралдарды басқару, тиімді қарым-қатынас жасау және оқушыларға қолдау көрсету арқылы білім беру мекемелері оқу тәрбие үшін қолайлы жағдай жасай алады.

Айта кетсек, білім беру объектілеріне қойылатын талаптар 5 тамыз 2021 жылғы ҚР ДСМ № 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрықта нақты көрсетілген. Осы санитариялық қағидаға сәйкес білім беру объектілерінің аумағының қоршалуы, аумағында

функционалдық қатысы жоқ объектілердің орналасуын болдырмау, ауыз сумен, ыстық сумен, кәріз жүйесімен, жарықпен, желдетумен, жылытумен қамтамасыз етілуі және жарамды жағдайда болуы керек. Объектілерде ауыз сурезімі ұйымдастырылады. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін объекті басшысының бұйрығымен жауапты адам тағайындалады. Барлық үй-жайлар таза болуы тиіс. Дезинфекциялық ерітінділерді пайдалану арқылы күнделікті таза-лау жұмыстары жүргізіліп, жәндіктерді, кенелердің және кеміргіштердің болуына жол бермеу үшін дератизациялық, дезинсекциялық іс-шаралар жүргізілуі қажет. Жихаздар мен заттардың жабдықталуы балалардың өсу және жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек. Мектеп аурасы таза ұсталады, арамшөптерден тазартылып, объектінің аумағына кіру жолдары, көлікпен өту жолдары зақымданбаған, асфальтпен, бетонмен немесе тазалауға қолжетімді басқа да қатты жабынмен жабылады. Барлық үй-жайлардағы еденнің, төбенің, қабырғалардың беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған болуы тиіс.

Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары сабақ басталғанға дейін аяқталуы тиіс. Оқушылар бар кезде апатты жағдайларды жою жұмыстарын қоспағанда, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының түрлерін жүргізуге жол берілмейді. Объекті әкімшілігі ауа температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа желдету және ауа баптау жүйелеріне (тазалау, жуу, дезинфекциялау, сүзгілерді ауыстыру және тағы басқа) мониторинг, әдістемелік түсіндірме жұмыстары алдағы уақытта жүзеге асырылатын болады.

Айгерім БЕКТҰРГАНОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ — ЕЛ МӘРТЕБЕСІ!

Тіл – әрбір елдің, ұлттың мақтанышы. Ана тіліміздің мәртебесін асқақтатып, абыройын арттыру – баршаның парызы. Осыған орай Әйтеке би кентінің клубында аудандық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен Қазақстан халқының тілдері күніне және «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 35 жыл толуына орай «Мерекеңмен, мәртебелі тіл!» атты кеш болып өтті.

Мерекелік шараны аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбеков ашып, қатысушыларды мерекесімен құттықтады.

Сондай-ақ аудан әкімінің ауданның бір топ тіл жанашырларына мемлекеттік тілді, білім мен мәдениетті дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін «Абай аманаты» төсбелгісін және аудан әкімінің «Алғыс хатын» табыстады.

Қазалы ауданының «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұрбибі Әшір қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеру жолында жұмыс атқарып жүрген әрбір саланың тіл жанашырларына Халықаралық «Қазақ тілі»

қоғамының республикалық, облыстық, аудандық қоғамдық бірлестіктерінің «Алғыс хаттарын» табыстады. Сонымен қатар, «Тіл сақшысы» басылымының таралымын көбейтуге қосқан үлестері үшін ауылдық округ ұжымдарына «Тұрақты оқырман» номинациясы тапсырылды.

Мерекелік кеште мемлекеттік тіл туралы өлеңдер оқылып, көрермендердің көңілін көтеріп тастады. «Рух пен тіл» атты ән шырқалды. Тілге байланысты көріністер көрсетіліп, термелер айтылды, өнерпаздар би биледі.

Мерекелік кеште кенттік клуб кітапханашылары «Тіл – татулық тірегі» атты көрме ұйымдастырып, ана тілдің құдыреті мен қадір қасиетін баяндаған құнды кітаптар жинағын таныстырды.

Тіл – кез келген елдің тәуелсіздігін, егемендігін қамтамасыз ететін құрал. Олай болса, тіліміз төрден орын алып, мәртебесі биік, абыройы асқақтай берсін!

Рауан ЕСІРКЕП,
тіл жанашыры

ЖЫЛЫТУ ПЕШІҢІЗ ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Жылу беру маусымы басталысымен тұрмыстық пештерде от жағу көбейетіні белгілі. Осыған орай, оқиғаларды болдырмау үшін өрт қауіпсіздігінің келесі талаптары ұсынылады:

Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында, сондай-ақ көлемінде:

1) үш айда бір реттен кем болмай - жылыту пештері;

2) екі айда бір реттен кем болмай - үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар тазартылуға тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пештер айына бір реттен кем болмай тазартылып тұруы керек.

Сондай-ақ отпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;

2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда

қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;

5) үй-жайларда көпшілік адамдардың болуымен онда іс-шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;

6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер ментүтіндіктердің беттерінен 0,5 метр кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынады.

Егер:

-Көмірдің иісін сезсеңіз, ошақтың аузын жауып, есік немесе терезені ашып, далаға шығыңыз.

-ал пешке от жағылмай түтіннің иісін сезсеңіз онда моржа түбіндегі немесе сылақ астындағы пешке қандайда болсын жақын салынған құрылыс ағашы қызып жатқаны. Ол өте қауіпті.

Жоғары көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескертеміз.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.